

Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 8 қыркүйектегі № 436 Өкімі

"Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтауға ұсынудың және оларды тапсырудың тәртібі туралы нұсқаулықты, Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары құжаттарының үлгілерін және Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары белгілерінің сипаттамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 8 қарашадағы № 90 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1999 ж., № 53, 521-құжат; 2006 ж., № 11, 101-құжат; 2007 ж., № 9, 99-құжат; 2008 ж., № 47, 525-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкімге 3-қосымшада:

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев" орденінің сипаттамасы осы өкімге қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

үшінші бөлімнің үшінші сөйлемінде:

"Күміс алқа" алқасының сипаттамасында "латуньнан жасалып, күміспен күптелген" деген сөздер "мельхиордан жасалады" деген сөздермен ауыстырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Н. Назарбаев

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е з и д е н т і н і ң

2 0 1 0

ж ы л ғ ы

8

қ ы р к ү й е к т е г і

№ 4 3 6

ө к і м і н е

ҚОСЫМША

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" ордені

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" ордені жұлдыздан және иыққа асылатын лентадағы орден белгісінен тұрады.

Орден жұлдызы оюланған он алты ұшты жұлдызды болып келеді, оның беті сипатталған диаметрі 75 мм. сатылы таралған сәулелер түрінде орындалған.

Ортаңғы шеңберде көк түсті зергерлік эмаль аясында Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бедерлі қырынан қараған кескіні орналасқан.

Кескін ақ түсті зергерлік эмаль аясында, айналдыра "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" жазуы жазылған қондырмалы сақинамен көмкерілген. Сақина айналдыра бүктемелерінің арасына 8 табиғи лағыл

бекітілген **лентамен** **сәнделген.**

Сырт жағында жұлдызды киімге бекіту үшін визорлы бекітпелі түйреуіш
о р н а л а с қ а н .

"Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" орденінің белгісі оюланған сегіз ұшты жұлдызды болып келеді, оның негізі сипатталған диаметрі 65 мм. ортадан таралған сәулелер түрінде орындалған.

Ортаңғы шеңберде ақ түсті зергерлік эмаль аясында Қазақстан Республикасының
Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаевтың монограммасы орналасқан.

Монограмма лавр жапырақтары бейнеленген бедерлі гүлтәжбен және ақ түсті зергерлік эмаль аясында, айналдыра "Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев" жазуы жазылған жапсырмалы сақинамен көмкерілген. Сақина айналдыра бүктемелерінің арасына 8 табиғи лағыл бекітілген лентамен сәнделген. Жазулы сақина, лағылды лента және ұштарына қарай ұзартыла таралған сегіз сәуле "Жұлдыз" қондырмасын қалыптайдды. Сегіз ұшты жұлдызды жасайтын сәулелердің ортасында, әр сәуледе 3 данадан гауһар орналасқан. "Жұлдыз" қондырмасының сәулелеріне ақ түсті зергерлік эмаль жалатылған.

Орденнің сырт жағында жапсырмалы қақпақ бекітілген, онда орденнің рет нөмірі
н а к ы ш т а л ғ а н .

Орден карабинді сақина арқылы иық лентасына жалғасқан. Иық лентасы ені 100 мм көк түсті муарлы матадан жасалған.

Жұлдыз және орден белгісі 750 сынамалы алтыннан жасалған.